

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ «Қ. И. СӘТБАЕВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ТЕХНИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ УНИВЕРСИТЕТІ» КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ	
3 деңгейдегі СМЖ құжаты	2016 жылғы «08» шілде №2 басылым	Е 029-04.14.2.70.03-2016

**Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық
зерттеу университетінің дамуына үлес қосқаны үшін
Бірінші ректор Әшір Бүркітбаев атындағы сыйақы мен марапаттарына
ізденушілердің конкурсын өткізу туралы
ЕРЕЖЕ**

Е 029-04.14-2.70.03-2016

АЛҒЫ СӨЗ

1 «Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы Ғылым департаментінде **ӘЗІРЛЕНДІ**

Ғылым

департаментінің директоры

« 27 » 06 2016 ж.

Г. Жүнісова

2 КЕЛІСІЛДІ:

Ғылым жөніндегі проректор

« 4 » 07 2016 ж.



М.Орынханов

Қаржы және есеп

департаментінің директоры

« 1 » 07 2016 ж.

К. Жумабаева

Корпоративтік даму

департаментінің директоры

« 30 » 06 2016 ж.

Ж. Файзуллаева

Мониторинг және білім сапасын

бағалау басқармасының бастығы

« 29 » 06 2016 ж.

А. Сауранбаева

Заң және құжаттамалық

қамтамасыз ету бөлімінің бастығы

« 28 » 06 2016 ж.

Б.Туткина

Мемлекеттік тілді дамыту бөлімі

М.Орынбаева

3 Ректордың 2016 жылғы « 08 » 07 № 254 бұйрығымен **БЕКІТІЛДІ**

4 2015 жылғы 18 қыркүйегіндегі № 1 басылымның орнына **ЕНГІЗІЛДІ**

МАЗМҰНЫ

1 Жалпы ереже	4
2 Нормативтік сілтемелер	5
3 Жұмыстарды ұсыну, ресімдеу және таныстыру тәртібі	6
4 Конкурстық комиссияның жұмыс істеу тәртібі	8
Өзгерістерді енгізу парағы	9

1 Жалпы ереже

1.1 Бірінші ректор Әшір Бүркітбаев атындағы университеттік сыйақы мен марапаттарына ізденушілердің конкурсын өткізу туралы Ереже (бұдан әрі - Ереже) Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университетінің дамуына үлес қосқан конкурс жұмыстарын ұсыну және конкурс өткізу тәртібі белгілейді.

1.2 Тұңғыш ректор Әшір Бүркітбаев атындағы Университеттік сыйақы (бұдан әрі – Сыйақы) жыл сайын конкурстық негізінде өтеді:

инновациялық технологияларды, білім беру бағдарламаларын құру және енгізудегі еңбегін университет алдында бағалау үшін Университет оқытушылары мен қызметкерлеріне келесі номинацияларда: **төске тағатын белгі мен құрмет грамотасы, 40 МРП көлемінде ақшалай сыйақы** беріледі.

1.3 Тұңғыш ректор Әшір Бүркітбаев атындағы Университеттік марапат сыйлығы (бұдан әрі – Марапаты) жыл сайын конкурстық негізінде өтеді:

- білім беру және ғылыми бағдарламаларда қаржы және материалдық қаражатты белсенді тарту, меценаттық және демеушілік көмек көрсеткендері үшін демеушілерге **үстелге қойылатын естелік медаль мен диплом** номинациялары беріледі.

1.4 Сыйақы мен марапатты жыл сайын 19 желтоқсанда Университет күні Университет басшысы тапсырады.

1.5 Сыйақы мен марапатқа кандидаттарды ұсыну құқығы институттардың ғылыми кеңестеріне беріледі.

1.6 Сыйақыға үміткерлікке университет қызметкерінің еңбегін бағалау кезінде келесі факторлар есепке алынады:

- білімнің сапасын арттыруға және халықаралық білім стандарттарына көшуге септігін тигізген білім беру бағдарламаларын жасау;

- заманауи оқулықтарды және ЖОО оқу-әдістемелік құралдарым жасау;

- педагогикалық шеберлік және жоғары қызмет нәтижелері;

- Университеттің рухани және зияткерлік әлеуетін дамытуға және ұлғайтуға қосқан үлесі;

- Университеттің материалды-техникалық базасын дамытуға қосқан үлесі;

- Университеттің беделін арттыруға септігін тигізген қоғамдық қызмет.

Ақшалай сыйақының көлемі ұжымдық жұмыстың авторларына бірдей көлемде төленеді.

1.7 Демеушілер еріктілік және мақсатты таңдауда еркінділік негізінде Университетке тегін көмек көрсеткен заңды және жеке тұлғалар.

1.8 Қайырымдылық (демеушілік) көмек мына мақсаттарға жету үшін көрсетіледі:

- Университеттегі білім беру бағдарламаларын дамыту,

- оқу әдебиетін және оқу құралдарын басып шығару,

- кітапханалық қорды және кітапханалық жұмысты дамыту;
 - ғылыми зерттеулерді өткізу;
 - Университеттің материалдық-техникалық базасын құру және нығайту;
 - Университеттің жарғысына қайшы келмейтін басқа да қызмет түрлері.
- 1.9 Қайырымдылық (демеушілік) көмек келесі түрде көрсетілуі мүмкін:
- риясыз (тегін) түрде мүлікті меншікке өткізу, оның ішінде ақша қаражаттарын,
 - риясыз (тегін) түрде меншік объектілерін иелену, пайдалану және басқару құқығын беру,
 - риясыз (тегін) түрде жұмыстарды орындау, қызмет көрсету, іссапар шығындарын төлеу.

2 Нормативтік сілтемелер

Осы ережеде келесі құқықтық және нормативтік құжаттардың талаптары сақталған:

– Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 18 ақпандағы № 407-IV «Ғылым туралы» Заңы, 2014 жылдың 29-шы қыркүйегіне дейінгі өзгертулермен;

– Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III «Білім беру туралы» Заңы, 2016 жылдың 9-шы наурызына дейінгі толықтырулар мен өзгертулермен;

– Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 09 қаңтардағы №534-IV «Мемлекеттік индустрия-инновациялық қызметін қолдау туралы» Заңы, 2014 жылдың 29-шы қыркүйегіне дейінгі толықтырулар мен өзгертулермен;

– Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 09 қарашадағы «Техникалық реттеу туралы» заңы, 2014 жылдың 29-шы желтоқсанына дейінгі толықтырулар мен өзгертулермен;

– Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 16 шілдедегі №427 «Қазақстан Республикасының Патентті заңы», 2015 жылдың 07-ші сәуіріне дейінгі толықтырулар мен өзгертулермен;

– Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 07 сәуірдегі №300-V «Интеллектуалды меншік мәселелері жөніндегі кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтыруларды енгізу туралы» заңы;

– Қазақстан Республикасының Президентінің 2010 жылғы 07 желтоқсандағы №1118 «2011-2020 жылдарға арналған Қазақстан Республикасында Білімді дамытудың мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» Жарлығы;

– Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 01 тамыздағы №874 «2015-2019 жылдарға Қазақстан Республикасының индустриалды-инновациялық дамытудың мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы»

Жарлығы;

– ГОСО ҚР 5.03.011 – 2006 «Қазақстан Республикасының білім беру жүйесі. Жоғары оқу орындарындағы ғылыми-зерттеу жұмысы»;

– Қазақстан Республикасы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 16 қазанындағы №602 бұйрығымен бекітілген «Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» Коммерциялық емес акционерлік қоғамының Жарғысы;

– Университет ректорының, жетекшілік ететін проректордың бұйрықтары мен өкімдерімен және осы Ереженің талаптарымен жетекшілік етеді.

2.2 Осы Ережеде келесі нормативті құжаттардың талаптары сақталған:

– КЕАҚ «Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ» сапа бойынша нұсқаулығы;

– ҚР СТ ИСО 9001:2009. Сапа менеджменті жүйесі. Талаптар;

– ҚР СТ стандарттары;

– ISO 9000:2006 халықаралық стандарттары;

– ҚР СТ 1157-2002 " Жоғары кәсіптік білім. Білім беруді ұйымдастыруда сапа менеджменті жүйесі ";

– КЕАҚ СТ 38944979-07-2015. Университеттің нормативтік құжаттары. Жасау, келісу, бекіту, тіркеу және жаңарту тәртібі.

3 Жұмыстарды ұсыну, ресімдеу және таныстыру тәртібі

3.1 Марапатталған және сыйақы Лауреаты бес жыл уақыт өткеннен кейін ғана қайтадан сыйақыға іздену үшін жұмысын бере алады.

3.2 Соңғы 5 жыл ішінде іске асырылған немесе жарияланған және ғылыми не білім беру қызметінде 3 жыл тәжірибелік қолданыстағы қызметтің нәтижелері конкурсқа беріледі.

3.3 Сыйақы ізденуші ұжымның құрамы 5 адамнан аспауы керек. Мына тұлғаларды авторлық ұжымға қосуға болмайды:

- жұмыстарды орындау барысында тек әкімшілік немесе ұйымдастырушылық қызметті атқаратын;

- осы жұмыс үшін мемлекеттік маңыздағы сыйақы мен марапатқа ие болған.

3.4 Тиісті кафедралардың ұсынысы бойынша құпия дауыс беру арқылы институттың ғылыми кеңесі жұмысты ұсынуы мүмкін. **Институт бір жұмыс қана ұсына алады.**

3.5 Конкурсқа басып шығарылған күйде келесі құжаттар беріледі:

Титул беті институттың атауынан, жұмыстың атауынан, автордың аты-жөнінен, әкесінің атынан, лауазымынан, ғылыми дәрежесі мен атағынан, жеке қолы мен қол қойылған (Титул бетіне барлық ізденушілер қол қояды) күннен тұрады. Соңында мазмұны енгізіледі. Сосын жұмыстың сипаты енгізіледі.

Жұмыстың сипаттамасына (көлемі 20 беттен аспайды., шрифт Times New Roman (14 pt); интервал – бір, парақ нөмері астында, ортада) жұмыстың және нәтижелердің негізгі ережелері кіреді:

Оқу - әдістемелік жұмыс:

Оқулықты, оқу құралын, электронды оқу құралын, жаңа оқу бағдарламасын, студенттің өзіндік жұмысы бойынша әдістемелік нұсқауларды, пәндер бойынша электронды әдістемелік нұсқаулықты, жаңа дәріс курсы, пәндер бойынша оқу-әдістемелік кешенді жасау, стендтерді, қондырғыларды, оқу үрдісіне арналған аспаптарды, қашық оқыту үшін арналған оқу материалдарын дайындау.

Ғылыми-зерттеу жұмысы:

ҒЗЖ орындау – республикалық ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламалар, шетел және республикалық қорлардың гранттары, шаруашылық келісім-шарттары;

Монографияларды (шетел басылымдарда, басқа ЖОО-н басылымдарында, ҚазҰТЗУ-да) басып шығару, шетел басылымдарында, республикалық басылымдарда, ҚазҰТЗУ жинақтарында және басқа ЖОО басылымдарында ғылыми жұмыстарды жариялау;

Қазақстанда және шет елдерде халықаралық және республикалық конференцияларға қатысу;

Патентті-өнертапқыштық қызмет – шетел патенттерінің саны, ҚР патенттерінің саны.

Бакалаврлардың ғылыми-зерттеу жұмыстары – ғылыми конференцияларға, конкурстарға және олимпиадаларға қатысқаны үшін бакалаврлардың алған марапаттарының саны.

Университеттің материалдық-техникалық базасын дамытуға үлес қосу – қымбат оқу және ғылыми жабдықтарды, бағдарламалық қамтуды сатып алу үшін, білім беру бағдарламаларын, кітапханалық қорды дамыту үшін және ғылыми зерттеулерді өткізу мақсатында демеушілердің қаражаттарын тарту.

Ұсынылып отырған жұмыс тәжірибеге қалай ендірілгенін, оның мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігін көрсету қажет.

Соңында осы жұмысқа өтініш берушінің шығармашылық үлесін растайтын білім және ғылым саласындағы **жарияланған жұмыстардың негізгі тізімі** көрсетіледі. **Сипаттауға қоса берілуі тиіс:**

соңғы бес жылдағы жұмыстар (кітаптар, оқулықтар, оқу құралдары, т.б.), жарияланған немесе мемлекеттік тіркеуден өткен ғылыми-зерттеу туралы есеп (есеп беру үшін), брошюра түрінде мақалалар, патенттер мен басқа құжаттардың көшірмелері;

Жұмыстың тәжірибелік маңызы мен өзектілігін айқындайтын, оқытушының педагогикалық шеберлігін көрсететін және директормен қол қойылып, институттың мөртаңбасымен бекітілген институттың ғылыми кеңесі отырысының хаттамасынан үзінді;

Жұмыс электрондық түрде де беріледі.

3.6 Сыйлыққа ізденушілердің материалдары – ілеспе хат, жұмыстың өзі және қосымша материалдар (сұлбалар, графиктер, бейне таспалар және т.б.) «Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университетінің дамуына үлес қосқан үшін Бірінші ректор Әшір Бүркітбаев атындағы университеттік сыйлыққа 20 _____ жылы ізденушілер» деген жазуы бар папкаға салынады. Папканың сыртында (автордың) аты-жөні, тегі, институттың аты, жұмыстың тақырыбы жазылады. Қосымша материалдар ізденушінің бастамасы бойынша беріледі.

3.7 Барлық құжаттарда жұмыстың атауы бірдей болуы керек.

3.8 Мәтіндерде қысқартылған атаулар болмауы керек.

3.9 Материалдар мемлекеттік немесе орыс тілдерінде ресімделуі тиіс.

3.10 Дурыс рәсімделген материалдар қарастыруға қабылданбайды. Ұсынылған конкурстық материалға өзгерістер мен толықтырулар енгізуге болмайды.

3.11 Ұсынылған конкурстық материал автордың жазбаша өтініші бойынша ғана қайтарылады.

3.12 Институттың ғылыми кеңесі меценаттық және демеушілік көмек үшін сыйақыға үміткерді дауыс берудің көпшілігімен беріледі (хаттамамен бекітіледі). Конкурстық комиссияға дәлелді өтініш ұсынылады, онда үміткердің университеттің дамуына қосқан үлесі жөнінде жазылады.

3.13 Конкурстық материалдар жыл сайын 19 қазаннан 19 қарашаға дейін Ғылым департаментінде, 616 бөлме MF, телефон 2-57-71-41 қабылданады.

3.14 Конкурсты өткізу шарттары мен күні университеттің «РАС» газетінде және университеттің www.ntu.kz ресми сайтында жарияланады.

4 Конкурстық комиссияның жұмыс істеу тәртібі

4.1 Бірінші ректор Әшір Бүркітбаев атындағы сыйақыға лауреат(тар) құпия дауыс беру арқылы комиссиямен анықталады.

4.2 Конкурстық комиссияның құрамына төраға, төрағаның орынбасары, комиссия мүшелері және хатшы кіреді. Комиссия институттардың ұсынысы бойынша қалыптастырылады. Комиссияның дербес құрамы ректордың бұйрығымен бекітіледі.

4.3 Комиссияның мүшесі тек бір жұмысқа ғана дауыс бере алады.

4.4 Комиссияның отырысына тізімдегі 2/3 мүшесі қатысқанда, комиссия шешімдерді қабылдауға құқылы. Отырысқа қатысып отырған мүшелерінің жартысынан көбі дауыс бергенде, шешім қабылданды деп есептеледі. Дауыстардың саны тең болғанда, шешуші дауысты Төраға береді.

4.5 Меценаттық және демеушілік көмегі үшін марапатқа үміткер туралы шешімді конкурстық комиссия ашық дауыс беру арқылы дауыс көпшілігімен қабылдайды.

4.6 Конкурсты комиссияның шешімі хаттамамен бекітіледі.

Өзгерістерді енгізу парағы

Өзгерістің реттік нөмірі	Құжаттың бөлімі мен тармақтары	Өзгерістің түрі (өзгерту, қосу, жою)	Хабарламаның күні, нөмірі	Өзгеріс енгізілді	
				Күні	Тегі, аты-жөні, лауазымы, қолы